

**Облыс әкімдігінің 2003 жылғы 19 маусымдағы «Облыс ормандары, жайылмалар мен дала аумақтарындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» N 129/5 қаулысына (2003 жылғы 24 маусымдағы МТН 1897) өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы әкімшілігінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 13/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет Департаментінде 2004 жылғы 20 ақпанда N 2313 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2005 жылғы 14 қарашадағы N 346/9 қаулысымен.

*Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2005 жылғы 14 қарашадағы N 346/9 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес, облыс ормандары, жайылмалар мен дала аумақтарындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

облыс әкімдігінің 2003 жылғы 19 маусымдағы "Облыс ормандары, жайылмалар мен дала аумақтарындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы" N 129/5 қаулысына (2003 жылғы 24 маусымдағы МТН 1897) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі облыстық жедел штабтың Ережесі жаңа редакцияда баяндалсын (қоса беріліп отыр).

*Облыс әкімі*

*Қ. Нұрпейісов*

*К е л і с і л г е н :*

*Облыс бойынша төтенше  
жағдайлар жөніндегі*

*басқарманың бастығы С.Кәменов*

*Облыс бойынша мемлекеттік өртке  
қарсы басқарманың бастығы С.Адамжанов*

*Облыс ішкі істер басқармасының  
бастығы М.Тұмарбеков*

*Облыстық аумақтық орман және аң  
шаруашылығы басқармасының бастығы Н.Руденко*

*Павлодар облыстық автомобиль  
жолдары басқармасының бастығы Д.Ақанов*

Облыс әкімдігінің  
2003 жылғы "19" қаңтар  
"Облыс әкімдігінің 2003 жылғы  
19 маусымдағы «Облыс ормандары,  
жайылмалар мен дала аумақтарында  
өрт қауіпсіздігін қамтамасыз  
ету туралы» N 129/5 қаулысына  
өзгеріс енгізу туралы »  
N 13/1 қаулысымен  
бекітілген

**Үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі облыстық  
жедел штабтың**

**Ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі облыстық жедел штаб (бұдан әрі Жедел штаб) облыс әкімдігі жанында тұрақты қызмет жасайтын орган болып табылады және үлкен ауқымды табиғи өрттерді ескерту мен жою жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады, меншік нысандары мен ведомстволық иелігіне қарамастан, өрттің көлеміне қарай ұйымдардың материалдық-техникалық ресурстарын жұмылдырады, Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес үлкен ауқымды табиғи өрттерді жоюда әр түрлі ведомстволардың іс-әрекеттерін үйлестіруді жүзеге асырады.

2. Жедел штаб өз қызметінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды ескерту мен жою мәселесінде қоғамдық қатынасты реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою мәселесі жөніндегі халықаралық келісімді, облыс әкімдігі мен әкімінің актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

Жедел штабтың нысаналы немесе жергілікті масштабтағы төтенше жағдайлар кезінде қабылдаған, өз құзыретіне жататын шешімдерін олардың ведомстволық меншігіне қарамастан, облыс аумағында орналасқан барлық ұйымдар мен мекемелер, кәсіпорындар орындауға міндетті болып табылады.

Жедел штабтың қызметі осы штабтың аға жедел жұмыс жөніндегі бастығы бекітетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

Жедел штаб өз мәжілісін жұмыс жоспарына сәйкес өткізеді. Жедел штаб мәжілістерінің аралық кезеңдерінде өзара іс-әрекет етуші орган облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі басқарма қызмет істейді (келісім бойынша).

Шешімді Жедел штабтың аға жедел жұмыс жөніндегі бастығы (облыс

әкімінің орынбасары) немесе оның орынбасары (облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі басқарма) қабылдап, нұсқау және тапсырма түрінде атқарушыларға ж е т к і з і л е д і .

Жергілікті масштабтағы үлкен ауқымды табиғи өрт туындаған сәттен бастап Жедел штаб нақты күн тәртібін аға жедел жұмыс жөніндегі бастық анықтайтын тәулік бойғы жұмыс тәртібіне көшеді.

Жедел штабтың орналасатын жері күш пен құралдарды тиімді пайдаланудың қажеттілігіне қарай анықталады.

3. Жедел штаб қалыптасқан жағдайға байланысты мынадай тәртіпте қызмет а т қ а р а д ы :

- 1) күнделікті қызметте (күту тәртібі);
- 2) жоғары деңгейдегі дайындықта;
- 3) төтенше дайындықта.

4. Төтенше дайындық күн тәртібіне енгізген кезде күштер мен құралдарды іске қосу үшін қолданылатын нақты уақыт төмендегідей белгіленеді:

- 1) шұғыл ықпал ету жасағы үшін көп дегенде екі сағат;
- 2) өртке қарсы және дәрігерлік қызмет, қоғамдық тәртіпті қорғау қызметі үшін көп дегенде төрт сағат;
- 3) барлық қалған қызметтер үшін көп дегенде алты сағат.

5. Қызмет етудің осы не басқадай тәртібін енгізу туралы шешімді Жедел штабтың аға жедел жұмыс жөніндегі бастығы енгізеді.

6. Күнделікті қызмет тәртібінде Жедел штаб және оның қарамағындағы күштер мен құралдар қалыпты тәртіпте жұмыс істейді және өзінің негізгі қ ы з м е т і н а т қ а р а д ы .

7. Жоғары деңгейдегі дайындықтағы жедел штабтың барлық қызметі өз қарамағындағы үлкен ауқымды табиғи өртке жөнелту үшін бағытталған күш пен құралдарды толық дайын болу жағдайына жеткізеді, және өзінің негізгі қызметін орындай отыра бұдан әрі күнделікті тәртіппен қызмет атқарады. Ауа-райын болжау орталығынан ұзақ құрғақшылық кезеңінің басталуы туралы хабар келген уақытта немесе басқа жағдайларда Жедел штабтың аға жедел жұмыс жөніндегі бастығының өкімі бойынша жоғары деңгейдегі дайындық тәртібі енгізіледі.

8. Төтенше дайындық тәртібінде Жедел штабтың барлық қызметі және оның қарамағындағы құралдар табиғи өрттерді жоюға жөнелту үшін толық дайын күйге келтіріледі және өзінің үнемі тұрған орнында немесе жедел штабтың өкімімен нұсқалған жерде орналасады. Төтенше дайындық тәртібі табиғи өрттер туындаған жағдайда немесе Жедел штабтың аға жедел жұмыс жөніндегі бастығының өкімі бойынша енгізіледі.

Табиғи сипаттағы таралу масштабтары мен төтенше жағдайлар аумақтары келесі кестеде көрсетілген:

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар	Өрттердің аумағы			Жарақаттанған адамдар саны		Тікелей және материалдық шығынның мөлшері (ең аз көрсеткіші, мың.теңге)
	Орманды, езен аңғары,га	Дала, га	Астық дақылы, га	Қайтыс болғандар немесе жаралылар	Өмірлік қызмет жағдайының бұзылуы	
1	2	3	4	5	6	7
Объектілер бойынша	5-ке дейін	20-ға дейін	5-ке дейін	10-ға дейін	100-ден 300-ге дейін	5000-нан кем
Жергілікті	5-тен, 50-ге дейін	20-дан 200-ге дейін	5-тен 50-ге дейін	10-нан 50-ге дейін	300-ден 500-ге дейін	5000-нан 500000-ға дейін

9. Нысанды аймақтағы төтенше жағдайларды жоюға басшылық жасау (орман, жайылма 5 га-ға дейін, жазық дала 20 га-ға дейін, астық дақылы 5 га-ға дейін) орман, жер, жайылма қорларын ұстаушыларға жүктеледі. Өрттерді жою үшін жер, орман, жайылма қорларын ұстаушылардың күштері мен құралдары қолданылады.

10. Объектілік ауқымнан асқан төтенше жағдайларды жоюға басшылық жасау (орман, жайылма 5-тен 50 га-ға дейін, жазық дала 20-дан 200 га-ға дейін, астық дақылы 5-тен 50 га-ға дейін) облыстың аудандық, қалалық өрт сөндіруші штабтарына жүктеледі. Мұндай өрттерді жою үшін кәсіпорындар мен ұйымдардың, жер, орман, жайылма қорларын ұстаушылардың күштері мен құралдары қолданылады.

11. Жергілікті ауқымнан асқан төтенше жағдайларды жоюға басшылық жасау (орман, жайылма 50 га-дан жоғары, жазық дала 20 га-дан жоғары, астық дақылы 50 га-дан жоғары) Жедел штабқа жүктеледі. Өрттерді жою үшін жер, орман, жайылма қорын ұстаушылардың күштері мен құралдары және сондай-ақ, облыстың қалаларында өрт сөндірудің жедел жоспары мен ауылдық аумақтарда үлкен табиғи өрттерді сөндіру үшін күштер мен құралдар тарту жоспарына сай әр түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындардың күштері мен құралдары қолданылады.

## 2. Жедел штабтың негізгі функциялары

12. Барлық деңгейдегі жедел штабтарда үлкен ауқымды табиғи өрттерді жою жөнінде тиімді шараларды және осыған тартылатын күштер мен құралдардың үнемі дайын болуын қамтамасыз ету.

13. Мемлекеттік орман қорының аумағындағы, су жағасындағы, жазық даладағы орман өрттерінің алдын алу жөніндегі жылдық іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және оның іске асырылуына бақылау жасауды ұйымдастыру.

14. Қалалық, аудандық штабтардың үлкен ауқымды табиғи өрттерді жоюға

дайындығы жөніндегі жұмыстарына бақылау жасауды жүзеге асыру.

15. Үлкен ауқымды табиғи өрттердің туындауы мүмкін аумақтарды анықтау жөніндегі жұмыстарды, осы өрттерді жоюға қажетті күштер мен құралдардың қажетті санының шамалық есебін өткізуді ұйымдастыру және осы есептер негізінде тартылатын күштер мен құралдардың жоспарын жасау.

16. Үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіру үшін өртке қарсы қолданылатын техникалар, көліктер мен басқа да құралдарды ұйымдастыру, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларды тарту тәртібін анықтау, өрт сөндіру жұмысына тартылатын жеке тұлғаларды көлік, өрт сөндіру құралдарымен, азық-түлік және медициналық көмекпен қамтамасыз ету.

17. Үлкен ауқымды табиғи өрттен сақтандыру мәселесінде Жедел штабқа енбейтін ұйымдар мен кәсіпорындардың жұмыстарын үйлестіру.

18. Жедел штабтың мәжілісінде кәсіпорындар мен ұйымдардың жазғы өрт қауіпті кезеңге дайындалу барысын қарау және осы жұмыстың қорытындысы б о й ы н ш а ұ с ы н ы м д а р ж а с а у .

19. Шаруа қожалықтары мен басқа да ауылшаруашылық ұйымдардың орман қорына жақын орналасқан шабындықтар мен жайылымдардағы, ауылшаруашылық егістіктердегі өсімдік қалдықтары мен басқа қалдықтарды, шөптер қалдықтарын өртеуін бақылауды қамтамасыз ететін тиісті органдардың е с е п т е р і н т ы ң д а у .

20. Үлкен ауқымды табиғи өрттерді жоюды ұйымдастыру.

21. Үлкен ауқымды табиғи өрт болған жерлерге күштері мен құралдарын жіберетін кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесін анықтау, сондай-ақ келтірілген есептерге қарай күштер мен құралдардың санын анықтау.

22. Жергілікті жағдайға сай медициналық қызмет көрсету, түнгі уақытта демалыс орындарымен, жанар-жағар маймен, азық-түлікпен, күш-құралдармен қамтамасыз ету тәртібін анықтау.

23. Облыстың жергілікті атқарушы органының үлкен көлемді табиғи өрттерді жою жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға қажетті қордың көлемін анықтау ү ш і н е с е п т е р жү р г і з у .

24. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес үлкен ауқымды табиғи өртті жою үшін пайдаланылатын күш пен құралдардың жоспарына енбеген ұйымдар мен кәсіпорындардың материалдық-техникалық ресурстарын жұмылдыру (меншік нысаны мен ведомстволық иелігіне қарамастан )

25. Үлкен ауқымды табиғи өрттің туындауы мүмкін аумақта қызмет ететін кәсіпорындардың қолданыстағы нормаларға сәйкес азық-түлік, медициналық, материалдық-техникалық ресурстарын құруды ұйымдастыру.

26. Мемлекеттік емес кәсіпорындардың үлкен ауқымды табиғи өрт кезінде

пайдаланылған күштері мен құралдары үшін ақы төлеу тәртібі мен қаржыландыру көздері анықтау.

27. Қажет болған жағдайда табиғи өрттің көлеміне сәйкес жағдайды бағалау, жергілікті масштабтағы төтенше жағдайларды хабарлау жөніндегі актінің жобасын облыс әкімдігінің қарауына ұсыну.

28. Үлкен ауқымды табиғи өрт фактісі бойынша тексерулер мен сараптамалар жүргізілуін ұйымдастыру.

29. Үлкен ауқымды табиғи өртті жойғаннан кейін қоршаған ортаны, азаматтар мен ұйымдардың шаруашылық істерін, қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру, көрсетілген іс-шаралардың орындалуына бақылау жасауды жүзеге асыру.

### **3. Жедел штабтың негізгі міндеттері**

30. Бағынысты және қатыстырылатын органдардың күштері мен құралдарын жоспарға сәйкес дайындыққа келтіру.

31. Жағдайды бағалау, үлкен көлемді табиғи өрттің дамуын болжау, осындай өрттерді жою үшін материалдық-техникалық ресурстарды, қажетті күш пен құралдардың санын анықтау.

32. Үлкен ауқымды табиғи өрт тарап жатқан аумақтағы елді мекендерді қорғау жөнінде жедел шаралар қолдау.

33. Үлкен ауқымды табиғи өртті жою барысына жетекшілік жасау.

34. Үлкен ауқымды табиғи өрт болып жатқан аймақтан тауар-материалдық құндылықтар мен жергілікті тұрғындарды көшіру жөніндегі іс-шаралар әзірлеу, аталған іс-шараларды орындау жөніндегі жұмыстарды үйлестіру.

35. Үлкен ауқымды табиғи өрт болып жатқан аймаққа келу және болу тәртібін белгілеу.

36. Үлкен ауқымды табиғи өрттің туындау жағдайы бойынша ақпарат жинауды ұйымдастыру, осы туралы жоғарғы органға мәлімдеу.

### **4. Жедел штабтың құқықтары**

37. Үлкен ауқымды табиғи өртті сөндіру және тұрғындарды қорғауды ұйымдастыру жөніндегі жедел шараларды қамтамасыз ету үшін өз құзырлығының шегінде шешім қабылдау.

38. Барлық меншік түріндегі тиісті кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының өртті сөндіруге қатыстырылған күштер мен құралдарды тарту бойынша бекітілген жоспарға сәйкес орындалуына бағытталған істерін тыңдау.

39. Жедел штабтың құзырына жататын мәселелермен жұмыс істеу үшін кәсіпорындар мен ұйымдардан материалдар сұрату.

40. Қалалық, аудандық Жедел штабтың үлкен ауқымды табиғи өртті сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарын бақылау.

41. Барлық меншік түріндегі ұйымдар мен кәсіпорындардың табиғи өртке

жол бермеу және оны сөндіруді ұйымдастыруға бағытталған жоспарды орындау жөніндегі жұмыстарын ұйымдастыру.

42. Жоғары өрт қауіптілігі кезеңінде, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі мәселелерін реттейтін, нормативтік актілер талаптарын орындамаған жағдайда табиғи аумақта оған ведомстволық қарасты кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық қызметін шектеу туралы өкілетті органдарға ұсыныстар енгізу.

43. Қалалық және аудандық Жедел штабтарға үлкен ауқымды табиғи өртті жоюды ұйымдастыруға бағытталған шұғыл шараларды қолдану жөніндегі міндеті орындалатын нұсқалар беру.

44. Объективті аумақтағы табиғи өрттерді сөндіру барысында қалалық және аудандық жедел штабтар жұмысына қатысу үшін Жедел штаб өкілдерін жіберу, ал жергілікті аймақтағы табиғи өрт өлшемдерін сөндіруде басшылықты тікелей өзіне алу.

45. Үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіруге бұрын келісілген және бекітілген жоспарға енбеген кәсіпорындар мен ұйымдардың күштері мен құралдарын сәйкес мекемелермен келісім бойынша жұмылдыру.

## **5. Жедел штабтың аға жедел жұмыс жөніндегі бастығының құқықтары**

46. Үлкен ауқымды табиғи өртті сөндіру үшін құзырлық шегінде оның бағыныштылығына қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдардың кез келген өрт, инженерлік, көлік техникаларын, медициналық және азық-түлік құралдарын жұмылдыру.

47. Үлкен ауқымды табиғи өрт болып жатқан аймаққа ұйымдар мен мекемелердің ерекше жұмыс тәртібін, тіпті оларды тоқтатуға дейін белгілеу, тұрғындардың тұруы мен мінез-құлығына сәйкес ережелер енгізу.

48. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылған мемлекеттік органның кез келген лауазымды тұлғасы үлкен көлемді табиғи өртті сөндіру жөніндегі өзіне жүктелген міндетті орындауды қамтамасыз етпесе, құзырлық шегінде басшылықтан босату, белгіленген тәртіпте лауазымды тұлғаны атқарып отырған қызметінен босатуға дейін жауапкершілікке тартылатыны туралы жоғары тұрған орган алдында өтініш жасау.

49. Үлкен ауқымды табиғи өртті жою барысында ерекше көзге түскен ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметкерлеріне облыс бюджетінде осы мақсатқа қаралған қаржыдан сыйлық беру, сондай-ақ облыс әкімдігі қарауына жергілікті бюджеттен қаржыландырылған кәсіпорындар мен ұйымдардың жетекшілерін көтермелеу немесе тәртіптік жаза белгілеу туралы ұсыныс енгізу.

## **6. Жедел штаб мүшелерінің негізгі міндеттері**

50. Жедел штаб шешімдері мен өкімдерін белгіленген мерзімде оның басшылары, Жедел штаб мүшелеріне қатысты, сондай-ақ Жедел штабта ұсынылатын ведомстволар мен қызметтердің сөзсіз және нақты орындалуын

51. Жедел штаб жоспарын әзірлеу және оны іске асыруға тікелей қатысу.

52. Үлкен ауқымды табиғи өрт болып жатқан ауданға аттануға үнемі дайындықта болу.

## **7. Жедел штаб қызметтерінің функциялары мен олардың негізгі міндеттері**

53. Төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық басқарма (келісім бойынша):

1) жедел штабқа енетін барлық қызметтердің өзара іс-қимыл жасауы жөніндегі нақты нұсқаулықтарды әзірлейді;

2) жедел штабтың құрамына кіретін қызметтердің істерін үйлестіруді жүзеге асырады ;

3) жергілікті атқарушы органдардың қарауына үлкен көлемді табиғи өрттерді материалдық-техникалық ресурстармен сөндіру кезінде төтенше жағдайларды жоюды күштермен және құралдармен қамтамасыз ету үшін олардың резервінен қаражат бөлу туралы ұсыныс енгізеді;

4) Үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіру үшін кәсіпорындар мен ұйымдардың күштері мен құралдарын жоспардан тыс қосымша жұмылдыру туралы ұсыныстарды қажетіне қарай жедел штабтың қарауына енгізеді;

5) ауа-райын болжау орталығының берген деректерінің негізінде құрғақшылық кезеңінің басталуы туралы ескертулер жасайды;

6) жергілікті атқарушы органдардың қарауына үлкен ауқымды табиғи өрттерді жою үшін қаржы және материалдық қор құру туралы ұсыныс енгізеді;

7) орындамағаны үшін жауапкершілікке тартуды ұйымдар қимылдарының міндетті ережелерін (меншік нысаны мен ведомстволық иелігіне қарамастан) облыс әкімдігінің қарауына енгізеді;

8) облыстық, аудандық, объектілік кешенді командалық штабтық жаттығулар мен арнайы өрт тактикалық жаттығуларын ұйымдастырады және өткізеді.

9) жыл сайын үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіру үшін күштер мен құралдарды жұмылдыру жоспарларын әзірледі, осы жоспарларды уақытында үйлестіруді ұйымдастырады ;

10) үлкен табиғи өрттерді сөндірудің облысаралық, облыстық, қалалық, аудандық жоспарларын әзірледі бақылауды жүзеге асырады; үлкен табиғи өрттерді сөндіру үшін күштер мен құралдарды жұмылдыру жоспарларының орындалуы туралы жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар басшыларының есебін тыңдауды ұйымдастырады ;

11) үлкен табиғи өрттерді сөндіру үшін шекаралас мемлекеттердің, республиканың көрші облыстарының күштері мен құралдарын жұмылдыру тәртібін анықтайды ;

12) республикадағы үлкен ауқымды өрттерді сөндіру үшін әуекәсіпорындарының әуе техникаларын жұмылдыру тәртібін анықтайды ;



13) Ресей Федерациясы өткізген аэроғарыштық барлаудың көмегімен ақпарат алу тәртібін анықтайды.

54. Облыс өртке қарсы мемлекеттік қызмет басқармасы (келісім бойынша):

1) үлкен ауқымды табиғи өрттердің туындау қаупі бар орман шаруашылығы кәсіпорындарының, демалу орындарының, елді мекендердің аумақтарында өрт-техникалық тексеру жүргізеді;

2) өртке қарсы тәртіпті қамтамасыз етуді тексеру барысында анықталған кемшіліктерді жою үшін нұсқама береді;

3) орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелердің өрт-химиялық станцияларына көмек көрсете отырып, күштер мен құралдардың бірлескен коллонналарының құрамында үлкен ауқымды өрттерді сөндіруге қатысады;

4) барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардың (ведомстволық иелігіне қарамастан) күштері мен құралдарын үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіруге жұмылдыру жоспарын жасап, облыс әкімдігінің қарауына енгізеді;

5) үлкен көлемді өрттерді сөндіру үшін күштер мен құралдарды жұмылдыру жоспарына енген (ведомстволық иелігіне қарамастан) барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардың күштер мен құралдарының ұрысқа дайындығына тексеріс жүргізеді;

6) үлкен табиғи өрттерді сөндіру үшін жұмылдырылатын күштер мен құралдардың жоспарын жыл сайын жетілдіріп отырады.

55. Орман және аң шаруашылығы облыстық аумақтық басқармасы (келісім бойынша):

1) ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуына;

2) орманды және аңдарды қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелердің өрт-химиялық станцияларының дайындығы мен материалды-техникалық қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады.

56. Облыс ауыл шаруашылығы департаменті орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелердің ұрысқа дайындығына, олардың материалдық-техникалық базасына қаржы бөлінуіне бақылауды жүзеге асырады.

57. Облыс ішкі істер басқармасы (келісім бойынша):

1) үлкен ауқымды табиғи өрттердің қаупі туындаған кезде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді;

2) үлкен ауқымды табиғи өрттер аймағына кіруді шектейді;

3) қажетіне қарай рұқсат тәртібін енгізеді;

4) көліктердің үлкен табиғи өрт шыққан жерлерге жетуін қамтамасыз етеді;

5) үлкен ауқымды табиғи өрттер аумағында халықтың шығыны мен қозғалысының есебін жүргізеді;

6) тұрғындардың қоныс аударуын ұйымдастырады.

58. Облыстық телекоммуникациялар дирекциясы (келісім бойынша):

1) үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіруді басқаратын органды меншік нысанына қарамастан қолда бар барлық арналарды пайдаланып, байланыспен қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

2) қажетіне қарай байланыс құралдарына жөндеу жүргізеді, сондай-ақ байланыс жүйесіндегі апатты қалпына келтіру жұмыстарын қамтамасыз етеді;

59. "Павлодарэнергосервис" ашық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіру кезінде сол аймаққа электр қуатының үздіксіз берілуін қамтамасыз етеді.

60. Павлодар облыстық автомобиль жолдары басқармасы (келісім бойынша):

1) өз құзыреті шегінде "қазақавтодор" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Павлодар облыстық филиалы арқылы қарамағындағы ұйымдардың істерін басқарады, олардың үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіру үшін көлік жабдықтарын бөлу жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді;

2) үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіруге жұмылдырылатын күштер мен құралдардың жоспарында қарастырылған инженерлік және басқа да арнаулы техникалардың қалыпты жағдайда және пайдалануға үнемі дайын болуына б а қ ы л а у ж а с а й д ы ;

3) техника бөлетін кәсіпорындарда қосалқы бөлшектер мен жағар май қорларын құруды қамтамасыз етеді;

4) үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіру кезеңінде су шашу жағдайындағы техникаларға қызмет көрсету мен жөнделуін ұйымдастырады.

61. Облыс индустрия және сауда департаменті:

1) үлкен ауқымды табиғи өрттерді жою кезінде күштерді азық-түлікпен қамтамасыз ету шараларының орындалуын қамтамасыз етеді;

2) күштерді азық-түлікпен қамтамасыз етудің сауда және тамақтану қызметтері арқылы ұйымдастырылуына ықпал жасайды;

3) үлкен көлемді табиғи өрттерді жою кезеңінде қажет болатын азық-түліктердің мөлшерін алдын ала анықтайды;

4) ыстық тамақпен және ауыз сумен қамтамасыз ететін жылжымалы пункттердің құрылуын қамтамасыз етеді;

5) өз құзыреті шегінде үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіруге қатысқан күштер мен құралдарды қамтамасыз ету үшін материалдық-техникалық ресурстардың мемлекеттік ведомстволық және объектілік қорларын құруды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

6) қосымша көздерден материалдық-техникалық ресурстарды пайдаланудың т ә р т і б і н а н ы қ т а й д ы .

62. Облыс денсаулық сақтау департаменті үлкен ауқымды табиғи өрттерді жоюға тартылған күштер мен құралдарды ведомстволық ұйымдар арқылы

дәрігерлік қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

63. Облыс бойынша жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет (келісім бойынша) өз құзыреті шегінде жер пайдалануда табиғатты қорғау тәртібін бұзушыларға тексеру жүргізеді және шаралар қолданады.

64. "Қаз Транс Ойл" жабық акционерлік қоғамының Шығыс филиалы (келісім бойынша) облыс аумағында орналасқан мұнай сорғыш бекеттері мен магистральды мұнай құбырларының ұзын бөліктеріндегі күзету аймақтарының шегінде өрт сөндіруге ықпал жасайды.

65. Облыс ауыл шаруашылығы департаменті егістік және шалғынды жерлердің дер кезінде жыртылуына бақылау жасайды.

66. "Қазақстан темір жол ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының "Павлодар тасымалдау бөлімшесі" (келісім бойынша) темір жолға жақын жердегі үлкен ауқымды табиғи өрттердің сөндірілуіне ықпал етеді.

## **8. Жедел штаб мүшелерінің негізгі қызметтері**

67. Облыс әкімінің орынбасары (жедел штабтың аға жедел жұмыс жөніндегі бастығы) облыс аумағында үлкен ауқымды өрттің туындағаны туралы хабар алған кезде:

1) (облыстық, қалалық, аудандық) өрт сөндіруді ұйымдастыруға басшылық жасауды жүзеге асыратын жедел штабтың деңгейін анықтайды; өкімдер береді, жедел штабтың іске кірісуі қажет болатын жағдайда жедел штабтың аға жедел жұмыс жөніндегі бастығының орынбасарына (облыс бойынша төтенше жағдайлар жөніндегі басқарманың бастығына) жедел штабты жинау туралы өкім береді.

2) жедел штабтың жедел мәжілісін өткізеді;

3) үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндірудің басшысын, өрт болған жердегі жедел штабтың лауазымды тұлғаларын тағайындайды;

4) барлау жасаудың қажеттілігін, мерзімін, тәсілдерін анықтайды;

5) үлкен ауқымды табиғи өртті сөндіруге жұмылдырылатын күштер мен құралдардың қажетті мөлшерін анықтайды;

6) үлкен ауқымды табиғи күштер мен құралдар бөлетін нақты ұйымдар мен кәсіпорындардың тізімін анықтайды;

7) үлкен ауқымды табиғи өртті сөндіру барысын тікелей бақылайды.

68. Облыс бойынша төтенше жағдайлар жөніндегі басқарма бастығы (Жедел штабтың аға жедел жұмыс жөніндегі бастығының орынбасары) облыс аумағында үлкен ауқымды табиғи өрттердің туындағандығы туралы хабар алған кезде:

1) туындаған жағдайға байланысты Ақ күштер мен құралдарының толық дайындыққа келтірілуіне өкім береді;

2) жедел штабтың аға жедел жұмыс жөніндегі бастығы шешімінің іске асырылуын қамтамасыз етеді;

- 3) үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіру барысына бақылау жасайды;
- 4) үлкен ауқымды табиғи өрттер туралы жалпы ақпараттар жинауды жүзеге асырады;
- 5) жедел штабтың аға жедел жұмыс жөніндегі бастығына ақпарат беріп отырады;
- 6) жедел штабқа үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіруді жақсартуға бағытталған ұсыныстар енгізеді;
- 7) үлкен ауқымды табиғи өрт салдарын талдаудың нәтижесі жөнінде шара қолдану үшін Жедел штабқа ұсыныстар енгізеді;
- 8) жедел штаб жұмысының жылдық жоспарын әзірлейді.

69. Облыс мемлекеттік өртке қарсы қызмет бастығы (Жедел штаб мүшесі) облыс аумағында үлкен көлемді табиғи өрттің туындағандығы туралы хабар алған кезде:

- 1) өрт сөндірушілер кезекші қызметінің қызметкерлеріне алдын ала анықтау бөлімшесінің, өрттерді зерттеу секторы қызметкерлерін өрт болған жерлерге жөнелту үшін өкім береді;
- 2) қажет болған жағдайда облыстық өртке қарсы қызметінің гарнизонын қызметті өтеудің күшейтілген түріне көшуге нұсқау береді және жауынгерлік есепке қордағы өрт техникаларын енгізеді;
- 3) Жедел штабтың нұсқауы бойынша үлкен ауқымды табиғи өрт болған жерге көрсетілген күш пен жабдықтарды жібереді;
- 4) облыс өртке қарсы мемлекеттік қызмет гарнизоны жедел кезекші арқылы қалалық, аудандық өрт сөндірудің жедел жоспарына сәйкес үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіру үшін ұйымдар мен кәсіпорындардың күштері мен жабдықтарын көтеруді, жөнелтуді жүзеге асырады;
- 5) жедел штабтың нұсқауы бойынша үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіруге басшылық жасайды; өрт сөнгеннен кейін өртті тексеру нәтижесі бойынша Жедел штабқа анықтама дайындайды.

70. Облыстық аумақтық орман және аң шаруашылығы басқармасы, (Жедел штаб мүшесі) орман мен жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелер аумағына үлкен ауқымды табиғи өрттері туындағандығы туралы хабар алған кезде:

- 1) қажет болған жағдайда көрші Ресей Федерациясы Алтай өлкесінің көрші орман шаруашылықтарымен қарым-қатынас жоспарын енгізуді ұйымдастырады;
- 2) үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіру үшін Жедел штабқа жұмылдырылатын күш пен құралдардың қажетті мөлшері туралы ұсыныс енгізеді;
- 3) басшылар үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіруге басқа ұйымдардың қызметкерлерін тағайындаған жағдайда өзінің барлық іс-әрекет қызметін онымен

к е л і с е д і .

71. Облыс ауыл шаруашылығы департаментінің бастығы (жедел штаб мүшесі) үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіруге қажетті материалдық-техникалық ресурстарды жұмылдыруға ықпал етеді.

72. Облыстық телекоммуникациялар дирекциясының директоры, (Жедел штаб-мүшесі) үлкен ауқымды табиғи өрттер болып жатқан жерлермен Жедел штабтың үздіксіз байланысын қамтамасыз етеді.

73. "Қазақстан темір жолы ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының "Павлодар тасымалдау бөлімшесі" директоры (Жедел штаб мүшесі) темір жол өтетін жерлерде үлкен ауқымды табиғи өрттер туындағанда өрт сөндіру техникаларын сумен жабдықтау үшін өрт сөндіру пойызын жөнелтуді қамтамасыз етеді.

74. Облыс коммуналдық шаруашылық, көлік және коммуникациялар департаментінің бастығы (Жедел штаб мүшесі):

1) кәсіпорындардың үлкен ауқымды табиғи өрттер болған жерлерге күш пен құралдарды тасымалдау үшін автобус бөлуін ұйымдастырады.

2) жедел штабтың талаптары бойынша жарақаттанғандарды медициналық мекемелерге жеткізу үшін автобус бөлуін ұйымдастырады;

3) жедел штабтың талаптары бойынша үлкен ауқымды табиғи өрттер болған жерлерге жанар-жағармай материалдарын жеткізуді ұйымдастырады.

75. Облыс индустрия және сауда департаментінің бастығы (Жедел штаб мүшесі) Жедел штаб талаптары бойынша жылжымалы тамақтандыру пунктін ұйымдастырады, үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіруге жұмылдырылған күштер мен құралдарды азық-түлікпен қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

76. Облыс денсаулық сақтау департаментінің бастығы (Жедел штаб мүшесі) Жедел штаб талаптары бойынша үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіру жұмыстары жүріп жатқан жерлерде медициналық қызмет көрсетілуін қамтамасыз етеді.

77. Облыс ІІБ бастығы (Жедел штаб мүшесі) үлкен ауқымды табиғи өрттер туындаған жағдайда:

1) өрт аумағындағы қоғамдық тәртіпті;

2) бөтен адамдардың өрт аумағына өтуін шектеуді;

3) өрт шыққан жерлерге бағытталған техника колонналарын шығарып салуды

4) Жедел штабтың талабы бойынша ІІБ бөлімдерінің жеке құрамын бөліп беруді;

5) жергілікті халықты көшіру кезінде азаматтардың уақытша орналасқан пункттерін, тұрғын үй және өндірістік ғимараттарды күзетуді, тонаушылыққа жол бермеуді, коменданттық қызметті атқару мен ұйымдастыруды қамтамасыз

е т е д і .

78. Облыс қаржы департаментінің бастығы (Жедел штаб мүшесі) Жедел штаб талабы бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың үлкен ауқымды табиғи өрттерді сөндіру үшін жұмсаған нақты шығындарының дұрыстығына тексеру жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ